

Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы N 204-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2007 жылғы 23 шілдедегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4825 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 30.07.2021 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабы 28) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 24.09.2013 № 289-ө (алғашқы рет ресми жарияланғаннан күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ұсынылып отырған қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2004 жылғы 28 ақпандағы N 68-ө "Жоспарлау алдындағы, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығының күші жойылды деп есептелсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген, N 2779, 2005 жылғы 26 тамыздағы N 157-158 "Юридическая газета" газетінде жарияланды).

3. Экологиялық реттеу департаменті осы бұйрықты қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармаларына және жергілікті атқарушы органдарға жеткізсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2007 жылғы 28 маусымдағы N 204-ө
"Жоспарлау алдындағы, жоспарлау,
жобалау алдындағы және жобалау
құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп
отырған шаруашылық және өзге де
қызметтің қоршаған ортаға әсерін
бағалау жүргізу бойынша
Нұсқаулықты бекіту туралы"
бұйрығымен бекітілген

Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 28-тармақшасының 17-бабына сәйкес және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жасалып отыр.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қоршаған ортаға әсерді бағалау (бұдан әрі - ҚОӘБ) қабылданатын басқарушылық және шаруашылық шешімдер түрлерінің экологиялық және басқа да зардаптарын анықтау, қоршаған ортаны сауықтыру, табиғи экологиялық жүйелер мен табиғи қорлардың жойылуын, азуын, сарқылуын болдырмау жөнінде нұсқауларды әзірлеу мақсатын ҚОӘБ-да жүргізіледі.

ҚОӘБ көзделіп отырған нақты ауқымды және (немесе) экологиялық қауіпті объектілер мен құрылыстарын құруды (дамытуды, қайта құруды, консервациялауды, жоюды) реттейтін жобалық құжаттама үшін жасалып отыр және онымен бір топтамада келісу үшін мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылады.

3. Осы Нұсқаулық жобалау алдындағы, жобалау құжаттамасына сәйкес көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметті ұйымдастырудың барлық сатыларында оны әзірлеу және жүргізу туралы шешімдерді қабылдау кезінде ҚОӘБ өткізудің жалпы тәртібін айқындайды.

ҚОӘБ келесі жобалық құжаттамалар үшін жасалады:

1) Кәсіпорындарды, объектілерді, кешендерді салу саласы немесе даму бағдарламасын негіздеу сатысында;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген қала құрылысы мен құрылысты жобалау;

3) Кәсіпорындарды, объектілерді, кешендерді салудың техникалық-экономикалық негіздемесі және есептері, оның жұмыс құжаттамасының жобалары (кеңейту, жаңарту, техникалық);

4) технологияларды, техника мен жабдықтарды, оның ішінде Қазақстан Республикасына өткізілетіндерін (әкелінетіндерін) қолдану жөніндегі жобалық құжаттама.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Нұсқаулықта төмендегідей негізгі терминдер мен айқындамалар қолданылып отыр:

1) әсер - адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігін, жануарлар мен өсімдіктер әлемін, топырақты, жер қойнауын, ауаны, климатты, ландшафты, тарихи ескерткіштер мен басқа да материалдық объектілерді, осы факторлар арасындағы өзара байланысты қоса алғанда қоршаған орта үшін көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің кез келген зардабы; ол сондай-ақ мәдени мұра мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларға тигізілген зардаптарды да қамтиды, осы факторлардың өзгеруінің нәтижесі болып табылады;

2) зардап - көзделіп отырған шаруашылық немесе өзге де қызметтің әсерінің нәтижесі және содан пайда болған, қоршаған табиғи және (немесе) әлеуметтік-экономикалық ортада көрініс тапқан өзгерістер;

3) жұртшылықтың қатысуы (қоғамдық пікірді ескерту) - қоғамдық пікірді білу және әсерді бағалау барысында оны ескерту мақсатымен жұртшылықты жоспарланған қызмет туралы және оның қоршаған ортаға ықтимал әсері туралы хабардар етуге бағытталған, ҚОӘБ шеңберінде жүргізілетін іс-шаралар кешені;

4) ҚОӘБ бойынша құжаттаманы әзірлеуші - көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүзеге асыратын, аталған қызметті жүргізуге қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган берген тиісті лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлға;

5) қоғамдық талқылаулар - халықтың (жұртшылықтың) мүдделерін қозғайтын көзделіп отырған қызметті орындау жөніндегі шешімдерді қабылдауға оның қатысуына кепілдік беретін тура және кері ақпараттық байланысты қамтамасыз ететін, ҚОӘБ-тің құрамдас бөлігінің жалпылама атауы;

6) өзгеру - қоршаған ортаның құрамдас бөліктеріндегі және (немесе) олардың үйлесіміндегі қайтымды және (немесе) қайтымсыз өзгеріс;

7) тапсырыскер - қызметтің осы түріне қойылатын нормативтік талаптарға сәйкес көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызмет бойынша құжаттаманы дайындау үшін жауапты және көзделіп отырған қызмет бойынша құжаттаманы экологиялық сараптамаға ұсынатын заңды немесе жеке тұлға;

8) экологиялық сүйемелдеу - көзделіп отырған қызметті жүзеге асырудың барлық сатыларында оған экологиялық негіздеме беру бойынша ұйымдық-техникалық және қисынды түрдегі өзара байланысқан әрекеттердің жүйелілігін қамтамасыз ететін рәсім.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

2. Қоршаған ортаға әсерді бағалау қағидаты

5. ҚОӘБ төмендегідей қағидаттардың негізінде жүзеге асырылады:

1) міндеттілік - ҚОӘБ рәсімі қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін болатын кез келген шаруашылық және өзге де қызмет түрлері үшін міндетті болып табылады.

Қоршаған ортаға әсер ететін шаруашылық және өзге де жобаларды, қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсімісіз әзірлеуге және іске асыруға тыйым салынады;

2) кіріктірілу (кешенділік) - көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға, жергілікті тұрғындарға, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпке әсер ету мәселелерін қарастыру оларды технологиялық, техникалық, әлеуметтік, экономикалық, жоспарлаушылық және басқа да жобалық шешімдермен өзара байланыстыра отырып жүзеге асырылады;

3) баламалылық - зардаптарды бағалау көзделіп отырған қызметтен бас тарту нұсқасын ("нөлдік" нұсқаны) қоса алғанда жобалық шешімдердің баламалық нұсқаларын міндетті түрде қарастыруға негізделеді;

4) жеткіліктілік - ҚОӘБ өткізу кезінде нақтылау дәрежесі көзделіп отырған қызмет қоршаған ортаға, жергілікті тұрғындарға, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпке әсерінің экологиялық маңыздылығымен айқындалатын дәрежеден төмен болмауы тиіс;

5) сақтау - көзделіп отырған қызмет аумақтар мен су айдындарының биологиялық сан алуандылығының азаюына, биологиялық өнімділігі мен массасының төмендеуіне, сонымен қатар көзделіп отырған қызмет ықпалының аймағындағы биосфераның табиғи құрамдас бөліктерінің өмірлік маңызды қасиеттерінің нашарлауына әкеп соқпауы тиіс;

6) сыйысымдылық - көзделіп отырған қызмет жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын нашарлатпауға және шаруашылық қызметтің басқа түрлеріне, ауыл

шаруашылығына, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне орны толмас зиян келтірмеуге тиіс;

7) икемділік - ҚОӘБ барысы көзделіп отырған қызметтің нақты сипаты мен құжаттама түріне байланысты, талдаудың ауқымы, тереңдігі мен түріне орай өзгереді;

8) жұртшылықтың қатысуы - ҚОӘБ өткізілуі барысында жұртшылықтың ҚОӘБ туралы ақпаратқа қол жеткізуі қамтамасыз етіледі және қоғамдық тыңдаулар (ҚОӘБ материалдарының қоғамдық талқылаулары) өткізіледі.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

3. Қоршаған ортаға әсерді бағалау объектілерінің бағалану маңыздылығы мен толымдылығы бойынша сыныптау

6. Қоршаған ортаға әсерін бағалау жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызмет маңыздылығы мен толымдылығы бойынша I, II, III, IV болып 4 санатқа бөлінеді.

I санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 1 және 2 сыныбына жататын қызмет түрлері, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбалардан басқа пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жатады.

II санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 3 сыныбына жататын қызмет түрлері, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру, орман пайдалану мен суды арнайы пайдаланудың барлық түрлері жатады.

III санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 4 сыныбына жататын қызмет түрлері жатады.

IV санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 5 сыныбына жататын қызмет түрлері жатады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімі

7. Қазақстан Республикасындағы шаруашылық және өзге де қызметті негіздейтін жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасының барысында ҚОӘБ рәсімі нәтижелері мемлекеттік экологиялық сараптаманың қарауына жіберілетін жүйелі іс-қимылдар реті бойынша өткізіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. ҚОӘБ әзірлеудің нысаны, талқылаудың толықтылығы, қолданылатын материалдардың көлемі, экологиялық ғылыми-зерттеу және жобалық-іздігіру жұмыстарының деңгейі және нақтылануы жобалау сатысына, сонымен қатар адам денсаулығына және қоршаған ортаға көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің әсерінің ауқымдылығы мен қарқынына байланысты болады.

9. ҚОӘБ материалдары жасалу деңгейі жобалау сатысына сай келетін құжат түрінде ресімделеді. Олар жобалау алдындағы және жобалық құжаттардың ажырамас бөлігі болып табылады.

10. Шаруашылық және өзге де қызметті негіздейтін құжаттаманы әзірлеу кезеңдеріне сәйкес, олардың дәйекті түрде нақтылануын және айқындалуын көздейтін ҚОӘБ сатыларына атау беріледі:

- 1) қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау (Алдын ала ҚОӘБ);
- 2) қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ);
- 3) "Қоршаған ортаны қорғау" тарауы.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

11. Ескерту: 11-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

12. Ескерту: 12-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

13. Ескерту: 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

14. Ескерту: 14-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

15. ҚОӘБ өткізудің "Көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау" (бұдан әрі - Алдын ала ҚОӘБ) бірінші кезеңінің барысында қоршаған және әлеуметтік-экономикалық ортаның құрамындағы өзгерістердің және қоғам өмірінде және қоршаған ортадағы олардың келтіретін зардаптарының ықтимал әлеуетті бағыттары айқындалады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

16. Шаруашылық қызметінің көзделіп (жоспарланып) отырған ойының Алдын ала ҚОӘБ түрлі техникалық шешімдерді талдаудың және мамандандырылған ғылыми материалдардың және қолдағы бар, қордағы және мамандандырылған әдеби материалдардың негізінде жүргізіледі. Күрделі және ірі жобалау алдындағы әзірлемелерде алдын ала инженерлік-экологиялық іздестірулерді жүргізу керек.

17. Көзделіп отырған шаруашылық қызметіне әсердің түрлері және қарқындылығы осыған ұқсас жобалар бойынша немесе одан арғы арнайы зерттеулер және іздестірулер талап етілетін саласын көрсете отырып, әлемдік стандарттарға (технологияларға) сәйкес келетін үлестік көрсеткіштердің негізінде айқындалады.

18. Қоршаған ортаның жекелеген құрамдастарының (ауаның, топырақтың, судың, жер қойнауының және тағы сол сияқты) ластану деңгейін есептеуді жүргізу талап етілмейді. Нақты көзделіп отырған шаруашылық қызметтің маңыздылығына, экологиялық тұрғыдан қауіптілігі мен ауқымдылығына қарай қоршаған ортада (ауаға, жер үсті және жер асты суларына, топыраққа) ластағыш заттарды (шығару, төгу) сейілту (тарату) үрдістерін үлгілеу бойынша қосымша есептеу Алдын ала ҚОӘБ-не енгізіледі.

19. Алдын ала бағалау нәтижесінде алынған сапалық және сандық параметрлер (шығарылған, лақтырылған заттар, өндіріс және тұтыну қалдықтары, уақытша және тұрақты пайдалануға бөлініп берілетін жер алаңдары және т.с.) бағдарлық параметрлер болып табылады және табиғатты пайдалану жөніндегі нормативтер ретінде бекітілуге жатпайды.

20. Алдын ала ҚОӘБ шаруашылық және өзге де қызметті негіздейтін жобалау алдындағы (инвестициялау алдындағы) құжаттамада, шаруашылық және өзге де қызметке кірісудің бастапқы кезеңінде жасалатын бағалау сипатындағы жобалау алдындағы құжаттамада, сондай-ақ жобалық құжаттаманы әзірлеудің алдындағы "Инвестицияларды негіздеу" негізгі жобалау алдындағы құжатта жасалады, ол төмендегілерді қамтиды:

1) көзделіп отырған қызметтің қысқаша сипаттамасы, орналасқан жері мен жер пайдаланудың шарттары туралы деректер;

2) аумақтың ландшафттық сипаттамасын, аймақтық жер ерекшеліктерін қамтитын қоршаған және әлеуметтік-экономикалық орта туралы мәліметтер; қоршаған ортаның ахуалы, оның құрамдас бөліктерінің антропогендік бұзылуы, құрылыс салудың ерекше шарттары (жоғары сейсмикалылығы, басқа қауіпті табиғи құбылыстар мен үрдістер) туралы деректер; көзделіп отырған қызмет

ауданының табиғи құндылықтарын, оның тарихи-мәдени маңыздылығын сипаттау, қолда бар айрықша қорғалатын аумақтар мен объектілер; аумақтың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері (аумақты шаруашылық үшін, қала салу үшін қолдану) туралы материалдар.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Көзделіп отырған қызмет түрлерінің қоршаған ортаға әсерінің ықтимал үлгілері төмендегілерді қамтиды:

1) көзделіп отырған қызмет түрлерінің сипаттамасы (техникалық-технологиялық параметрлер, (су, жер, биологиялық, материалдық, еңбек) қорларына деген қажеттіліктер, құрылыс үрдістеріне және объектілер мен құрылыстарды іске пайдалануда көлікпен қамтамасыз ету);

2) объектілер мен құрылыстарды салу мен пайдаланудың қалыпты (штаттық) режимінде және апаттық жағдайларда (әсер етудің көздері, түрлері, дәрежесі мен аймақтары, оның ішінде ластағыш заттардың түрі, құрамы, бағдарлық көлемдері, өндіріс және тұтыну қалдықтарының сипаты - улылықтың түрі, көлемі, қауіптілігі) көзделіп отырған қызмет әсерінің түрлерін құрамдық-сапалық жағынан сипаттау;

3) қоршаған және әлеуметтік-экономикалық ортаның көзделіп отырған шаруашылық қызмет түрлерінің ықтимал әсеріне төзімділігін анықтау.

Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

22. Көзделіп отырған қызметтің түрлерін іске асыру барысында қоршаған және әлеуметтік-экономикалық ортаның өзгеруін талдау төмендегілерді қамтуы тиіс:

1) пайдаланудың қалыпты (штаттық) режимінде және апаттық жағдайларда және олардың тұрғындарға тигізетін зардаптары болған кезде көзделіп отырған қызмет түрлерін іске асыру барысында қоршаған және әлеуметтік-экономикалық ортадағы ықтимал өзгерістер;

2) көзделіп отырған қызметті іске асырудың түрлеріне арналған қоршаған ортаны қорғау шараларының негізгі бағыттары;

3) көзделіп отырған қызмет түрлерін іске асырудың барысында қоршаған және әлеуметтік-экономикалық ортаға келтірілуі мүмкін зиянды ірілендіре бағалау;

4) аумақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мүдделерін сақтай отырып, объект орналастырылатын жерді (көзделіп отырған қызметтің ұсынылатын түрін таңдау) негіздеу;

5) көзделіп отырған шаруашылық қызметті - жобалық құжаттаманы негіздейтін құжаттаманы әзірлеудің келесі сатысына ұсыныстар;

6) көзделіп отырған шаруашылық қызметті негіздейтін жобалық құжаттаманы ҚОӘБ келесі кезеңін өткізуге негіз болып табылатын арнайы кешендік экологиялық іздестірулер мен зерттеулерді өткізуді ұйымдастыру және құрамы бойынша ұсыныстар;

7) жоспарланатын қызметтің сипатына ауқымына, оның экономикалық маңыздылығына (қауіп-қатеріне), табиғи жағдайлардың қиындықтарына қарай, Алдын ала ҚОӘБ құрамы, көлемдері мен ақпаратты нақтылаудың жеткіліктілігі уәкілетті органдармен келісуі бойынша кеңейтілуі мүмкін.

23. Жобалау алдындағы бағалау сипатындағы құжаттама (бизнес-жоспарлар, техникалық-экономикалық есептер (бұдан әрі - ТЭЕ), техникалық-экономикалық көрсеткіштер (бұдан әрі - ТЭК) және басқа да оларға ұқсас жобалау алдындағы құжаттар), сонымен қатар "Алдын ала ҚОӘБ" қоса алғанда жобалау алдындағы негізгі құжаттама – "Инвестицияны негіздеу" мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

24. Бағалау сипатындағы жоспарлау алдындағы құжаттаманы мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынғанға дейін көзделіп отырған қызметтің тапсырыс берушісі ұсынылатын материалдарды жұртшылықпен бірге талқылауды өткізеді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Көзделіп отырған қызметтің тапсырыс берушісі үшін мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы жобалау алдындағы құжаттамада қарастырылған Алдын ала ҚОӘБ жасау кезінде барынша ұтымды үлгімен таңдалған көзделіп отырған қызметтің нақты объектілері мен құрылыстарын жобалауды бастау (жіті жобалау) жөнінде шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. ҚОӘБ өткізудің екінші кезеңі - "Қоршаған ортаға әсерді бағалау" көзделіп отырған шаруашылық қызметінің нақты объектілері мен құрылыстарының қоршаған ортаға (1, 2-қосымша) әсерінің барлық аспектілері толық көлемде жете талдауды көздейді және ол қоршаған ортаның құрамдас бөліктері бойынша төмендегідей материалдарды қамтиды:

1) әуедегі орта:

әсерді бағалауға қажетті климаттық жағдайлардың сипаттамасы;

әуедегі ортаның қазіргі ахуалының сипаттамасы (табиғи өлшеулер бойынша қолда бар материалдардың қанықпаның рұқсат етілген шегі (бұдан әрі - ҚРШ) немесе қауіпсіз әсер етудің бағдарланған деңгейлерінен (бұдан әрі - ҚӘБД) асып кету еселігі көрсетіле отырып, атмосфералық ауаға шығарылатын ластағыш заттардың тізбесі);

есептелетін химиялық ластанудың көздері мен ауқымдары: жабдықтарды жобамен көзделген барынша көп жүктемелеу кезінде, сонымен қатар ықтимал бір дүркін және апаттық шығарылыс кезінде. Атмосфералық ауаның қалай ластанатынын есептеген кезде сол жердегі жұмыс істеп жатқан, салынып жатқан немесе салынуы көзделген кәсіпорындардың (объектілердің) ауаны ластауға қосатын үлестерін ескере отырып және де сол жердегі ауаның қазіргі сапасын ескеру қажет;

қалдығы аз және қалдықсыз (ысырапсыз) технологияларды енгізу, сонымен қатар әлемдік озық тәжірибеге сәйкес деңгейде атмосфералық ауаға шығарылуды болдырмау (қысқарту) жолындағы арнайы іс-шаралар;

қоршаған ортаға ластайтын заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылар (бұдан әрі - ШРШ) анықтай отырып, нормалау кезеңдері бойынша ұсыныстар;

шығатын ластауыш заттардың (соның ішінде шудан, электр-магниттік өрістерден және өзге де зиянды физикалық әсерлерден) деңгейлерін ескере отырып, қабылданған санитарлық-қорғау аймағының (бұдан әрі - СҚА) мөлшерін негіздеу;

ластану зардаптарын бағалау және жағымсыз әсерді төмендету бойынша іс-шаралар;

атмосфералық ауаның ахуалын байқау мониторингісі мен бақылауды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар;

айрықша қолайсыз метеорологиялық жағдайлар (бұдан әрі - ҚМЖ) кезінде ауаға шығарысты реттеу шараларын әзірлеу;

2) су қорлары:

құрылыс салу және пайдалану кезеңінде шаруашылық және өзге де қызмет үшін су қорларына деген қажеттілік, қолданылатын су сапасына қойылатын талаптар;

су көзінің сипаттамасы, тұрған жері, суды шаруашылықта қолдану;

су тұтыну мен су бұрып берудің экологиялық жүйесінің тиімділігінің негізгі көрсеткіші ретінде алынатын таза судың жыл сайынғы көлемінің қарқыны міндетті түрде көрсетілген объектінің су балансы;

жер үсті сулары:

аумақтың гидрографиялық сипаттамасы;

көзделіп отырған қызмет ықпал етуі мүмкін су объектілерінің сипаттамасы (барынша жақындатылған қадағалау жармаларын қолдана отырып);

су ағымының гидрологиялық, гидрохимиялық, мұз қату, термикалық, жылжу шапшаңдығы режимдері, салындылардың режимдері, қауіпті құбылыстар - тасқын су басуы, кептелу, қабыршақ мұздың пайда болуы, айдап кету құбылыстары;

жер үсті су көздерінен қалыпты жағдайда, қосымша реттеусіз нормативті негізделген көлемде су алуды бағалау;

санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастырудың қажеттілігі мен тәртібі;

шығатын сарқынды судың мөлшері мен сипаттамасы (ағылып құйылатын жері, ластағыш заттардың шығарылуының құрылымдық ерекшеліктерін, тізбесі мен концентрацияларын көрсете отырып);

айналым жүйелерінің барынша ықтималды түрде енгізілуін, сарқынды суларды қайта қолдануды, тазалау құрылыстарының тұнбаларын кәдеге жарату тәсілдерін негіздеу;

қоршаған ортаға ластайтын заттардың жол беруге болатын шекті төгінділер - (бұдан әрі - ШРТ) жету бойынша ұсыныстар, олардың құрамына төмендегілер кіруі тиіс:

су көзінің ластану мүмкіндігін және суды алудың экожүйеге әсерінің зардаптарын қоса алғанда, құрылыс салу және пайдалану барысында жоспарланатын объектінің сулы ортаға әсерін бағалау;

құрылыстарды төсеп тартумен, көпірлерді, су алғыш құрылғыларды салумен байланысты арналық үрдістердің өзгеруін бағалау, теріс зардаптарды анықтау;

су қорғау шаралары, олардың тиімділігі, іске асыру құны және кезектілігі;

жер үсті суларының экологиялық мониторингін ұйымдастыру;

жер асты сулары:

ауданды сипаттаудың гидрогеологиялық параметрлері, жер асты суларының барланған кен орындарының анықталуы мен оның сипаттамасы;

пайдаланыстағы сулы горизонттың қазіргі ахуалының сипаттамасы (химиялық құрамы, пайдаланылатын қорлары, қорғалуы), оның қауіпсіз қолданылуы үшін қажет жағдайларды қамтамасыз ету, су алу құрылғыларын санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастырудың қажеттілігі;

құрылыс салу мен пайдалану кезеңінде объектінің жер асты суларының сапасына әсерін бағалау, олардың ластану ықтималдығы;

жер асты суларының ықтимал ластануының және сарқылуының зардаптарын талдау;

жер асты суларын ластанудан және сарқылудан қорғау шараларын негіздеу;

жер асты суларының экологиялық мониторингінің бағдарламасы;

3) жер қойнауы:

жоспарланатын объектінің әсер ету аймағында минералдық және шикізат қорларының (қорлары мен сапасы) бар болуы;

құрылыс салу және пайдалану кезеңінде объектінің минералдық және шикізат қорларына тапшылығы (түрлері, көлемі, алу көздері);

минералдық және шикізат қорларын өндірудің қоршаған ортаның түрлі құрамдас бөліктеріне және табиғи қорларға әсерін болжау;

су режимін реттеу және бұзылған аумақтарды пайдалану бойынша табиғат қорғау шараларын негіздеу;

жер қойнауын пайдалану, пайдалы қазбаларды өндіру мен ұсату операцияларын өткізу кезінде төмендегідей материалдар ұсынылуы тиіс:

қолданылатын кен орындарының сипаттамасы (пайдалы қазбалардың қоры бойынша мемлекеттік комиссиямен (ПҚҚБМК) бекітілген пайдалы қазбалардың қоры, олардың геологиялық ерекшеліктері және басқалары);

зиянды топтамаларды арылтып алу мүмкіндіктерін қуаттайтын материалдар, ал улы топтамалар үшін - оларды көмудің тәсілі;

пайдалы қазбалардың және ашылатын жоғарғы қабатты жыныстардың (әсіресе қайта қалпына келтіруде және құрылыс материалдары өндірісінде қолданылатын) радиациялық сипаттамасы;

көзделіп отырған құрылыс объектілерін пайдалану барысында тау-кен жыныстары мен жер асты суларының ахуалын зерделеу, бақылау және бағалау үшін ұңғымалардың құрамы мен режимдік тарамын орналастыру бойынша ұсыныстар;

пайдалы қазбаларды жер қойнауынан көрші учаскелер мен олар өндірілетін аудандағы жер асты қазбаларының қорларының азаюын (суландырылу, желдетілу, тотығу, тұтану және тағы басқалары салдарынан) болдырмайтындай етіп, барынша ықтималды түрде пайдалану бойынша ұсыныстар;

мамандандырылған ғылыми-зерттеу ұйымының қорытындысына сүйене отырып, зиянды заттарды және өндіріс қалдықтарын жер қойнауына көму мүмкінділігін бағалау;

4) өндіріс және тұтыну қалдықтары:

қалдықтардың түрлері және пайда болу көлемдері;

аумақтың өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластануының ерекшеліктері (қауіптілік индексі, улылығы, физикалық күйі);

қалдықтардың барлық түрлерін залалсыздандыру, кәдеге жарату, көму бойынша ұсынымдар;

қалдықтарды залалсыздандыру немесе кәдеге жарату бойынша технологиялар

;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтеріне жету бойынша ұсыныстар;

5) физикалық әсерлер:

ықтимал жылу, электр-магниттік, шу әсерлерін және әсердің басқа да түрпаттарын, сонымен қатар олардың зардаптарын бағалау;

жұмыстар жасалатын аудандағы радиациялық жағдаяттың сипаттамасы, радиациялық ластанудың табиғи және техногендік көздерін анықтау;

б) жер қорлары және топырақ:

жер пайдаланудың күй-жайы мен шарттары, көзделіп отырған объектіні орналастыруға арналған аумақтың және меншіктің түріне сәйкес іргелес шаруашылықтардың жер балансы, жерге орналастырудағы ұсынылып отырған өзгерістер, объектіні құру мен пайдалану кезінде өтелуге жататын, ауылшаруашылығы өндірісі шығындарын және жерді пайдаланушылардың (меншік иелерінің) зияндарын есептеу;

жоспарланатын объекті әсер ететін аймақтағы топырақ жамылғысының қазіргі ахуалының сипаттамасы (бонитет баллдары көрсетілген топырақ картасы, топырақтың су-физикалық, химиялық қасиеттері, ластануы, бұзылуы, эрозиясы, дефляциясы, құнарлылығы және механикалық құрамы);

топырақ жамылғысына келетін әсердің сипаттамасы (механикалық бұзылыстар, химиялық ластану), объектінің ықпал жасау аймағында топырақтардың геохимиялық үрдістердің өзгеруінің, аумақтың үстін қайта жоспарлауға байланысты бедер-пішіні жаңа түрлерінің құрылуының, табиғи үрдістердің жандануының, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластануының салдарынан топырақ пен жер қыртысы қасиеттерінің өзгеруі;

әсер аймағында топырақтың құнарлы қабатын және ашылатын жыныстарды алып тастау, тасу және сақтау, тікелей қызметті қозғамайтын учаскелерде топырақ жамылғысын сақтау, бұзылған топырақ жамылғысын қалпына келтіру және аумақты бастапқы немесе басқа жолмен пайдалануға жарамды күйге (техникалық және биологиялық қайта қалпына келтіру) келтіру бойынша жоспарланатын шаралар және жобалық шешімдер;

топырақтың экологиялық мониторингін ұйымдастыру;

7) өсімдік:

әсер объектісі аймағындағы өсімдік жамылғысының қазіргі ахуалы (геоботаникалық карта, өсімдік құрамы, функционалдық мағынасы, өсімдік қауымының өнімділігі, олардың табиғи қарқыны, өрт қауіпсіздігі, дәрілік, сирек кездесетін, жергілікті және Қызыл кітапқа енгізілген өсімдік түрлері, көгалдандыру екпелерінің ахуалы, өсімдіктердің ластануы мен зақымдануы; өсімдікке қазіргі антропогендік ықпалдың жасалуынан болатын бірмерзімдік ауысымы);

объекті мен ілеспелі өндірістердің аумақтың өсімдік қауымына, аумақтарына әсерін сипаттау, әсер ету аймағында өсімдіктердің сирек кездесетін және жергілікті түрлеріне төнетін қауіп;

өсімдік қорларын қолдану көлемін негіздеу;

жоспарланатын қызмет аймағының өсімдікке әсер ету ауданын айқындау;

әрекет ету объектісі аймағындағы өсімдік жамылғысында келетін өзгерістер (өсімдік қауымының құрамы, ахуалы, өнімділігі, генотиптердің бейімделуін бағалау, шаруашылық және функционалдық мағынасы, ластануы, зиянды жәндіктермен зақымдануы) және осы өзгерістердің тұрғындардың өмірі мен денсаулығына келтіретін зардаптары;

өсімдік қауымын сақтау, олардың ахуалын жақсарту, өсімдіктерді сақтау және ұлғайта өсіру жөніндегі ұсынымдар;

өсімдік жамылғысының мониторингі бойынша ұсыныстар;

8) жануарлар дүниесі:

су және жер үсті жануарларының бастапқы ахуалы;

сирек кездесетін, сиреп бара жатқан және Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар түрлері;

объектінің жануарлардың түр-құрамына, санына, олардың гендік қорына, мекендеу ортасына, көбею жағдайларына, қоныс аудару жолдарына және құрылыс салу мен пайдалану барысында жануарлардың шоғырланатын жерлеріне тигізетін әсерін сипаттау, түрлердің бейімделуін бағалау;

объектінің әсер ету аймағындағы табиғи қауымдардың бүтіндігінің, мекендеу ортасының, көбею жағдайларының, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырланатын жерлеріне әсерінің бұзылуының, олардың алуан түрлерінің қысқаруының ықтималдығы, осы өзгерістердің оларға және қоршаған ортаға келтіретін зиянының зардаптарын бағалау;

табиғи қауымдардың бүтіндігін және су мен жерде өмір сүретін жануарлардың алуан түрлерін сақтау мен қалпына келтіру, азық қорларын жақсарту жөніндегі шаралар;

жануарлар әлемі мониторингісіне арналған бағдарлама;

9) әлеуметтік-экономикалық орта:

жергілікті тұрғындар өмірінің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы, олардың еңбек қызметін сипаттау;

құрылыс салу, пайдалану және жою кезеңінде объектіні адам күші мен қамтамасыз ету, оған жергілікті тұрғындардың қатысуы;

жоспарланатын объектінің аймақтық-аумақтық табиғатты пайдалануға әсері;

объектінің жобалық шешімдерін орындау кезінде (объекті пайдаланудың қалыпты жағдайларында және ықтимал апаттық жағдайларда) жергілікті

тұрғындардың өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларының өзгеруін болжау;

аумақтың санитарлық-эпидемиологиялық ахуалы және көзделіп отырған қызмет нәтижесінде оның өзгеруін бағдарлы түрде болжау;

көзделіп отырған шаруашылық қызмет барысындағы әлеуметтік қатынастарды реттеу ұсыныстар;

10) аймақтағы көзделіп отырған қызметті іске асырудың экологиялық тәуекелін бағалау:

табиғи кешендердің құндылығы (функционалдық мағынасы, ерекше қорғалатын объектілер), бөлінген кешендердің (ландшафттардың) көзделіп отырған қызмет әсеріне төзімділігі;

объектіні пайдаланудың қалыпты (апатсыз) режиміндегі қоршаған ортаға әсерінің зардаптарын кешенді түрде бағалау;

апаттық жағдайлардың ықтималдығы (объектінің техникалық деңгейін және қауіпті табиғи құбылыстардың болуын ескере отырып), апаттық жағдайлардың көздері, түрлері, олардың қайталануы, әсер аймағы анықталады; апаттық жағдайлардың қоршаған ортаға және тұрғындарға келтіруі мүмкін зардаптарын болжау;

көзделіп отырған шаруашылық қызмет нәтижесінде қоршаған ортаға және тұрғындардың денсаулығына келтірілетін шарасыз зиянды қоршаған ортаға теріс әсер үшін нормативтік төлемдерді бағдарлық есептеу түрінде бағалау, сонымен қатар ықтимал апаттық жағдайлар нәтижесінде қоршаған ортаға нормативтік көрсеткіштен тыс зиян үшін ықтимал өтемақылық төлемдердің мөлшерлерін есептеу іске асырылады, экологиялық сақтандыру мөлшерлерін анықтау кезінде технологиялық және статистикалық негізделген өтемақылық төлемдерді есептеу қолданылады;

апаттық жағдайларды болдырмау және олардың зардаптарын жою жөніндегі ұсынымдар;

қалдықтарды кәдеге жарату кезінде.

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2010.03.26 № 70-ө (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

27. Жұмыс жобасына (жұмыс құжаттамасына) "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімін (бұдан әрі - Бөлім) әзірлеу ҚОӘБ рәсімінің үшінші кезеңі болып табылады.

Бөлім ҚОӘБ жобалау сатысында қабылданған, көзделіп отырған қызметті іске асыру бойынша жекелеген техникалық шешімдер жұмыс жобасын (жұмыс құжаттамасын) (3-қосымша) дайындау кезінде айтарлықтай өзгерген жағдайда

әзірленеді. Бұл жағдайда бөлімді әзірлеу ҚОӘБ екінші кезеңінде жасалған ҚОӘБ материалдарына қатысты түзетуші сипатта болады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Бөлімнің құрамы мен мазмұны көбінесе ҚОӘБ екінші кезеңінің материалдарына ұқсас келеді.

Қоршаған ортаға әсердің сипаттамасы мен параметрлері үшінші кезеңде: жобалық құжаттамада қарастырылатын нақты техникалық шешімдерге сәйкес анықталуы керек;

қысқаша түрде, бірақ қабылданған шешімдерді талдауға және қоршаған ортаны қарастырылатын объектінің теріс әсерінен қорғауды қамтамасыз етуге жеткілікті көлемде баяндалуы керек.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

29. ҚОӘБ ресімі сияқты тарау бір сатылы техникалық жобалау кезінде орындалатын "Жұмыс жобасы" - жобалық құжаттама үшін міндетті болып келеді

30. Тарау қоршаған ортаның құрамдас бөліктеріне әсері жергілікті сипатта болатын өз ауқымы мен экологиялық маңыздылығы бойынша кішігірім объектілер және құрылыстар үшін жасалады.

Тарауды дайындау кезінде жобаланатын объектінің маңындағы аумақта табиғи ортаның құрамдас бөліктерінің ахуалына арнайы инженерлік-экологиялық және өзге де іздестірулерді өткізу қажет. Инженерлік-экологиялық және өзге де іздестірулердің көлемі мен сипаты өнеркәсіптің тиісті саласындағы кәсіпорындарды жобалаудың ерекшеліктеріне немесе түрлі аймақтарда салынатын тұрғын үй объектілердің параметрлеріне қойылатын талаптарға қатысты нақтылануы мүмкін.

31. Тарауда ықтимал нақты баламалық түрлері қарастырылуы тиіс және оның одан арғы іске асырылуы жүзеге асырылатын (құрылыс салу және пайдалану) техникалық-экономикалық және экологиялық тұрғыда ұсынылатын түрдің таңдалуы негізделеді.

32. Тарауды әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және көзделіп отырған қызметті реттейтін салалық тиісті нормативтік құжаттарды басшылыққа алған жөн.

33. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға Тарауды ұсынар алдында көзделіп отырған қызметтің тапсырыскері Тарауды және бұрын орындалған ҚОӘБ

материалдарын қоса алғанда жобалық құжаттаманы талқылауға жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз етеді.

Көзделіп отырған қызметтің ауқымы және қоршаған ортаға шамалы болатын кезде жұртшылықтың Тарауды талқылауын өткізу ресімі аудандық оқу бөлімінде (қалалық) әкімшілік деңгейде жөн болады.

34. ҚОӘБ ресімінің барлық сатыларында арнайы Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен мамандандырылған аттестатталған зертханаларды міндетті түрде тарта отырып, ғылыми-зерттеу және инженерлік-экологиялық іздестірулер өткізілуі тиіс.

35. Өткізілген ҚОӘБ нәтижелері бойынша жобалық құжаттаманың тапсырыскері дайындайтын "Экологиялық зардаптар туралы мәлімдеме" ҚОӘБ-ға жеке қосымша болып табылады және мемлекеттік экологиялық сараптамаға жобалық материалдардың құрамында ұсынылады (4-қосымша).

Экологиялық зардаптар туралы мәлімдеме ҚОӘБ ресімін орындаудың барлық сатыларында құрастырылады.

36. Ескерту: 36-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

37. Ескерту: 37-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

38. Ескерту: 38-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

39. Ескерту: 39-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

40. Ескерту: 40-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

41. Ескерту: 41-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

42. Ескерту: 42-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

4-1. Технологияларды, техника мен жабдықтарды қолдану жөніндегі жобалау құжаттама үшін қоршаған ортаға әсерін бағалау ерекшеліктері

Ескерту. 4-1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Нұсқаулық 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2010.03.26 № 70-ө (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

42-1. Көлік құралдары мен жабдықтарды қоспағанда, технологияларды, техника мен жабдықтары қолдану жөніндегі жобалау құжаттамасына арналған ҚОӘБ осы нұсқаулыққа сәйкес тиісті жоба аясында өткізіледі.

Сонымен бірге, техника мен жабдықтың экологиялық қауіпсіздігін негіздейтін материалдар, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексімен, Қазақстан Республикасының техникалық регламенттерімен белгіленген экологиялық талаптарға сәйкестік талдауын қамту керек. Қабылданған техникалық регламенттер жоқ болған жағдайда, халықаралық стандарттармен белгіленген экологиялық талаптарға сәйкестік талдауы жүргізіледі.

Ескерту. 42-1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42-2. Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетіндерді (әкелінетіндерді), өндірілетіндерді қоса алғанда, көлік құралдары мен жабдықты қоспағанда өздік (әзірленген және қолданылуға жоспарланған) технологияға, техникаға жобалау құжаттама үшін ҚОӘБ мынадай құжаттар негізінде жүргізіледі:

1) технологиялық процестің және жабдықтардың егжей-тегжейлі сипаттамасы, олардың сыныпталуын;

ұсынылып отырған технологиялар мен техникалық шешімдердің ғылыми жаңалығын және тәжірибелік бағалануын;

технологиялық жабдықтың қоршаған ортаға эмиссиясын анықтау және есептеудің әдістемелік ыңғайдың сипаттамасын және бағалануын;

қоршаған ортаға түсетін ластаушы заттардың толық номенклатурасын (тізбесін) және олардың сипаттамасын;

Қазақстан Республикасында олардың бар болуын көрсетумен түзілетін қалдықтарды залалсыздандыру немесе кәдеге жарату бойынша технологиялардың талдануын, не олар болмаған жағдайда технологияны кәдеге жарату кезінде жоғары экологиялық қатердің талдануын, не оның экономикалық орынсыз екендігін;

технологияны, техниканы және жабдықты қолданумен байланысты экологиялық салдарды бағалауды (болжамдау) сипаттайтын түсіндірме жазба;

2) қолданылатын технологияға талаптар кешенін (көрсеткіштер, нормалар, ережелер, қағидалар) қамтитын ұйымның (техникалық жағдайы) стандарты;

3) қоршаған ортаның әсерін бағалаудың белгіленген көрсеткіштерін (бар болған жағдайда) сақтау қамтамасыз етілетін технологияның, техниканың, жабдықтың аталған түрін қолдану рәсімі көрсетілетін пайдалануға беру бойынша нұсқаулық;

4) алдын ала жүргізілген сынақтар (зерттеулер) бойынша материалдар (хаттамалар, анықтамалар, есептер);

5) сәйкестік сертификаттары (бар болған жағдайда);

6) технологияның, техниканың, жабдықтың олардың қолда бар ұқсас түрлерімен салыстырғандағы сипаттамасы, технологиялық үрдістің сипаттамасы.

Ескерту. 42-2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Транспекаралық әсері бар объектілер үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау процедурасын өткізу ерекшеліктері

Ескерту: 5-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

43. Ескерту: 43-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

44. Транспекаралық әсерімен объектілер үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау ерекшелігі Қазақстан Республикасымен белгіленген халықаралық келісімдермен және конвенциялармен анықталады.

6. Шағын бизнес объектілері үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау процедурасын өткізу ерекшеліктері

45. 4 Қосымшада көрсетілген қоршаған ортаға әсері шамалы шағын бизнес объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын алу үшін толтырылған жұмыс жобасына Экологиялық салдары туралы арыздың формасы (4-қосымша) жеткілікті, оны жобалау құжаттамасын тапсырыскер өзі немесе тапсырыскер бекітіп, қоршаған орта саласында жұмыстарды орындауға лицензиялары бар жеке және заңды тұлғалар әзірлейді.

46. Ескерту: 46-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

47. Ескерту: 47-тармақ алынып тасталды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2012.03.19 № 72-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

48. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Қоршаған ортаның әсерін бағалауды жүргізуге қатысушылар

49. ҚОӘБ өткізуі барысында шаруашылық және өзге де қызметті негіздейтін жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасының тапсырыскері:

1) құжаттаманы дайындаудың барлық кезеңдерінде ҚОӘБ бойынша барлық қажетті экологиялық іздестірулер, зерттеулер және жұмыстардың (рәсімдердің) орындалуын ұйымдастырады;

2) жұртшылыққа хабарлауды және оның ҚОӘБ жүзеге асыру барысында қатысуын қамтамасыз етеді;

3) ҚОӘБ материалдарына қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

4) Көзделіп отырған (ұсынылып отырған) қызметтің түрін таңдау кезінде ҚОӘБ нәтижелерін ескереді;

5) мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарына Қазақстан Республикасында бекітіген тәртіп пен рәсімдерге сәйкес ҚОӘБ материалдарын ұсынады;

6) жобалау алдындағы және жобалық құжаттаманың барлық өту кезеңдерінде (келісу, бекіту) құзырлы органдардың шарттарын, кепілдемелерін және ұсыныстарын орындайды;

7) көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерлерін болдырмау (нормативті деңгейлерге дейін төмендету) жөніндегі шаралардың тиімділігіне жауап береді.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. ҚОӘБ барлық сатылары бойынша құжаттама әзірлеуші:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тапсырыскер анықтаған мерзімде ҚОӘБ жасалуының сапалы, толық, шынайы және объективті екеніне кепілдік береді;

2) тапсырыскермен бірге көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша материалдардың қоғамдық талқылануын өткізуге қатысады;

3) Тапсырыс берушімен бірге мемлекеттік экологиялық сараптама рәсімін өту кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ҚОӘБ бойынша ұсынылатын материалдарды қарауға қатысады.

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұртшылықтың қоршаған ортаның әсерін бағалауды әзірлеу рәсіміне қатысуы

51. Шаруашылық және өзге де қызметті негіздейтін жобалау адындағы және жобалау құжаттамасына ҚОӘБ материалдарын әзірлеу кезінде қоғамдық пікірді есепке алу жүзеге асырылады. Қоғамдық пікірді есепке алу жұртшылықтың ҚОӘБ материалдарын әзірлеу мен талқылауға қатысуы арқылы қамтамасыз етіледі және оны көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің тапсырыскері ұйымдастырады.

Қоғамдық пікірді есепке алу жұртшылықтың ҚОӘБ материалдарын әзірлеу мен талқылауға қатысуы арқылы қамтамасыз етіледі және оны көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің тапсырыскері ұйымдастырады.

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Қоғамдық пікірді ескертудің негізгі ұйымдастыру негіздері:

қоғамдық тыңдаулар. Жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасының тапсырыскері (әзірлеуші) жұртшылық өкілдерінің пікірлерін ашық тыңдауды жұртшылық өкілдерін жинау жолымен ұйымдастырады. Ол үшін Тапсырыскер (әзірлеуші) өткізілетін қоғамдық тыңдаулар, өткізу күні, уақыты және орны туралы, ҚОӘБ жобасына жұртшылықтың қолын жеткізу тәртібі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына (бұдан әрі - БАҚ) алдын ала береді. Қоғамдық тыңдауларға мүдделі жұртшылық, тапсырыскер (әзірлеуші), жергілікті атқарушы органдар, қоршаған ортаны қорғау аумақтық органдарының өкілдері қатысады;

жұртшылықтың жазбаша ұсыныстары мен ескертулерін жинау, ол кезде тапсырыскермен (әзірлеушімен) төте байланыс БАҚ-на жұртшылықтың ҚОӘБ жобасы материалдарына қол жеткізуі тәртібі және қоғамдық пікірді ескертуге арналған ұсыныстар мен ескертулерді ұсыну туралы ақпарат беру арқылы қамтамасыз етіледі. Тапсырыскер (әзірлеуші) жұртшылықтан түсетін ұсыныстар мен ескертулерді қабылдау және тіркеу орнын ұйымдастырады;

қызмет аумағындағы халыққа сауалнама жүргізу жолымен жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді жинау. Осы іс-шара жүргізу үшін Тапсырыскер (әзірлеуші) жұртшылықтың ҚОӘБ қорытындысы және материалдарына қол жеткізуі тәртібі, мерзімі және сауалнама ұйымдастыру шарты туралы жұртшылықты БАҚ-нда хабардар етеді.

53. Қоғамдық пікірді ескертудің ұйымдастыру нысанын таңдау көзделіп отырған шаруашылық қызмет жобасының маңыздылығына және оның қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсері деңгейіне, сонымен қатар жұртшылықтың мүдделі тобына тәуелді. Ұйымдастыру нысанын таңдау және қоғамдық тыңдаулардың өткізу күні қоршаған ортаны қорғау органдарымен келісіледі.

54. Қоғамдық тыңдауларға қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсер етуі ықтимал, үш өлшемнің біреуі (немесе бәрі бірге), атап айтқанда, әсер мөлшері, кезеңі және қарқындылығы ескеріліп, көзделіп отырған шаруашылық қызметінің жобалау алдындағы және жобалау материалдарының ҚОӘБ қорытындысы ұсынылады.

55. Қоғамдық пікірді ескертудің тәуелсіз нысаны ретінде жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді жинау (соның ішінде сауалнама жүргізу), шаруашылық қызметтің жеке, маңыздылығы кемдеу жобалар бойынша жүргізіледі.

56. Жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді жинау қоғамдық пікірді ескертудің барлық сатыларында ұйымдастыру формасына қарамастан да өткізіле береді.

57. Жобалаудың кейінгі сатысында қоғамдық пікірді ескерту өндірістік операция жеке жобасының ҚОӘБ қорытындысы бойынша жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді жинау жолымен жүргізуге жол беріледі.

58. Қоғамдық пікірдің төмендегі тәртібі орындалады:

тапсырыскер (әзірлеуші) жергілікті атқарушы органдармен қоғамдық тыңдаулар өткізілетін уақыты мен орны туралы келіседі және БАҚ-на көзделіп отырған шаруашылық қызметтің әсерін бағалау қорытындысы бойынша қоғамдық пікірді ескерту жөніндегі іс-шараларды жүргізу, тыңдауларды ұйымдастыру нысаны, өткізу уақыты мен орны туралы ақпарат береді;

хабарландыруда кеңсе мекенжайы көрсетіледі, онда жұртшылық өкілдері ҚОӘБ қорытындысымен таныса алады;

тапсырыскер (әзірлеуші) жұртшылықты хабардар етудің басқа да тәсілдерін пайдаланыла алады (ақпараттық парақтар, ашық жерде орналасқан стендтер, плакаттар, теледидардағы хабарландырулар жолындағы ақпарат және тағы басқа тәсілдер);

ҚОӘБ жобасы бойынша қоғамдық пікірді ескертуді ұйымдастыру туралы хабарландыруды беру күнінен бастап, Тапсырыскер (әзірлеуші) жұртшылық өкілдерінің ҚОӘБ жобасына қол жеткізуін, ескертулер мен ұсыныстар қабылдауды және тіркеуді қамтамасыз етеді.

59. Қоғамдық тыңдаулар Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 7 мамырдағы N 135-ө бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2007 жылғы 30 мамырында N 4687 тіркелген) Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережелеріне сәйкес өткізіледі.

60. Қоғамдық пікірді ескерту тәртібі жазбаша ұсыныстарды жинау жолымен (соның ішінде сауалнама арқылы) жүзеге асырылады.

Және де тапсырыскер (әзірлеуші):

кеңсе ұйымдастырады, онда жұртшылық өкілдері ҚОӘБ қорытындысымен таныса алады;

ҚОӘБ жобасы бойынша жұртшылықтан түсетін жазбаша ұсыныстар (сонымен қатар сауалнамалар) тіркелуін ұйымдастырады;

ҚОӘБ жобасы бойынша жұртшылықтан түсетін ескертулер мен ұсыныстар талдауын ұйымдастырады және қоғамдық пікірді ескертіп, ҚОӘБ жобасын әзірлеуге қайтару туралы шешім қабылдайды;

мемлекеттік экологиялық сараптамаға қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарымен бірге жұртшылықтан хаттама түрде ресімделген ұсыныстар көшірмелері, сонымен қатар жұртшылық ұсыныстары бойынша жасалған түсіндірмелер ұсынады.

61. Тапсырыскер (әзірлеуші) қоғамдық пікірді ескерту процесін құжаттауды қамтамасыз етеді (стенограмма, фото-бейнетүсірулер, аудиожазбалар және басқа материалдар ретінде), сонымен қатар:

қоғамдық пікірді ескертуді жүргізу туралы хабарландыру беріледі;

БАҚ-на ҚОӘБ қорытындысы туралы ақпарат ұсынылады;

ҚОӘБ жобасымен танысқан тұлғаларды тіркеу жүргізіледі;

қоғамдық тыңдауларға қатысушылар тізімі дайындалады;

ҚОӘБ жобасы бойынша түсетін жазбаша ұсыныстар мен ескертулер тіркеледі

;

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы жасалады, онда жұртшылық пен Тапсырыскер арасындағы келіспеушілік және талқылау негізгі мәселелері көрсетіледі;

жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстарын ескерту жөніндегі түсіндірмелер жобалық құжаттама түрде әзірленеді.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау
жөніндегі нұсқаулыққа 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтіні жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әсерін бағалауды толық көлемде жүзеге асыру ұсынылатын объектілердің (қызмет түрлерінің) тізімі

1. Мұнай өңдейтін зауыттар (тек қана шикі мұнайдан жағар май материалдарын өндіретін кәсіпорындарды қоспағанда) және 500 тонна және одан көбірек көмірді немесе жанатын тақтатастарды газдандыруға және сұйылтуға арналған құрылыстар.

2. Жылу қуаттылығы 300 Мегаватт немесе одан көбірек жылу электр станциялары мен басқа да жылу құрылыстары:

1) осындай электр станцияларын немесе реакторларды бөлшектеу немесе пайдаланылуын тоқтатуды қоса алғанда (жарылатын және ұдайы ұлғайтылатын материалдарды өндіру мен қайта құруға арналған тұрақты жылу жүктемесінің барынша қуаттылығы 1 киловатт-тан аспайтын зерттеу қондырғыларынан басқа) , атом электр станциялары және басқа ядролық реакторлар.

Атом электр станциялары және басқа ядролық реакторлар барлық ядролық отын мен басқа да радиоактивтік ластанған элементтер қондырғы алаңынан мәңгі-бақи аласталған кезде, осындай қондырғы болудан қалады.

3. Жағылып кеткен ядролық отынды ұқсататын кәсіпорындар:

Өндіріске арналған құрылыстар:

1) ядролық отынды өндіру немесе байытуға арналған құрылыстар;

2) жағылып кеткен ядролық отынды немесе жоғары радиоактивтік қалдықтарды қалпына келтіруге арналған құрылыстар;

3) жағылып кеткен ядролық отынды түпкілікті көмуге арналған құрылыстар;

4) радиоактивтік қалдықтарды тек қана түпкілікті көмуге арналған құрылыстар;

5) тек қана сақтауға арналған (10 жылдан көбірек мерзімге жоспарланған) құрылыстар;

6) жағылып кеткен ядролық отынның немесе радиоактивтік қалдықтардың учаскелерінен тыс құрылыстар.

4. Бастапқы шойын және болат қорыту комбинаттары.

5. Металлургия, химиялық немесе электролиттік үрдістер арқылы кендерден, концентраттардан немесе екінші қайтара шикізаттан түсті металдар өндіретін кәсіпорындар.

6. Таскендір шығаратын және таскендірден жасалатын және құрамында таскендірі бар бұйымдарды өндіретін және ұқсататын кәсіпорындар:

1) таскендір цементі бұйымдарынан жылына 20 мың тоннадан астам дайын бұйым өндіру;

2) фрикциялық материалдардан жылына 50 тоннадан астам дайын бұйым өндіру;

3) таскендірді жылына 200 тоннадан астам көлемде кез келген басқа мақсатта пайдалану.

7. Химиялық комбинаттар, яғни химиялық түрлендіру үрдістерін пайдаланатын, функционалдық жағынан бір-бірімен байланысты бірнеше бөлімше қатысатын, және төмендегіні көздейтін, химия өнімдерін өндіретін кәсіпорындар:

1) негізгі органикалық химиялық заттарды өндіру;

- 2) негізгі органикалық емес химиялық заттарды өндіру;
- 3) фосфорлық, азоттық немесе калий тыңайтқыштарын (қарапайым немесе кешенді тыңайтқыштар) өндіру;
- 4) ауру өсімдіктерге күтім жасау бойынша негізгі өнімдер мен биоцидтер өндіру;
- 5) химиялық немесе биологиялық үрдістер қолданылатын негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру;
- 6) жарылғыш заттар өндіру.

8. Ұзындығы үлкен теміржол желілерін және негізгі ұшатын жолағының ұзындығы 2100 м немесе одан көбірек әуежайларды салу:

- 1) автострадаларды және шапшаң трассаларды салу;
- 2) төрт және одан көбірек жолағы бар жаңа жолдарды салу және жаңа жол немесе түзетілетін және/немесе кеңейтілетін жол учаскелерінің толассыз ұзындығы 10 километр және одан көбірек болатын жағдайда, екі және одан кем жолағы бар қолданыстағы жолдарды төрт немесе одан көбірек жолаққа дейін түзету және/немесе кеңейту.

9. Континенттік су жолдары және су сыйымдылығы 1350 тоннадан асатын кемелердің өтуіне арналған ішкі порттар:

- 1) сауда порттары, жүк көтерімділігі 1350 тоннадан асатын кемелерді қабылдай алатын өзен және теңіз порттарының жүк айлақтары (паромдық айлақтарды қоспағанда).

10. Қауіпті қалдықтарды өртейтін, химиялық өңдейтін кәсіпорындар немесе қауіпті қалдықтардың қоқысы тасталатын жерлер.

11. Өнімділігі тәулігіне 100 тоннадан жоғары қоқымды өртейтін, химиялық өңдейтін кәсіпорындар немесе әдеттегі (қауіпті емес) қалдықтардың қоқысы тасталатын жерлер.

12. Жер асты суларын алу немесе алынатын немесе тиелетін судың жылдық көлемі 10 миллион текше метрге тең немесе одан асатын болса, ызба суларды жасанды түрде тиеудің сұлбалары.

13. Су қорларын бір өзен алабынан ауыстырып құю судың ықтимал тапшылығын болдырмауға бағытталған және ауыстырып құйылатын судың көлемі жылына 100 миллион текше метрден асатын екінші алапқа ауыстырып құю жұмыстары:

- 1) алаптың көп жылдық орташа су ағыны жылына 2 млрд текше метрден асатын және ауыстырып құйылатын судың көлемі осы ағынның 5%-нан асатын барлық жағдайлардағы су қорларын өзен алаптары арасында ауыстырып құю жұмыстары.

Екі жағдайда да ауыз су құбырлары бұған қосылмайды.

14. Өнімділігі 150 мыңнан асатын эквиваленттік тұрғынды құрайтын сарқынды су тазарту станциялары.

15. Өндірілетін көлемі мұнай үшін тәулігіне 500 тоннадан және газ үшін 500 мың текше метрден асатын мұнайды және табиғи газды коммерциялық мақсатта өндіру.

16. Ұсталған немесе қорға қалдырылған судың жаңа немесе қосымша көлемі 10 млн. текше метрден асатын, суды ұстауға немесе тұрақты сақтауға арналған бөгеттер және басқа да құрылыстар.

17. Диаметрі 800 миллиметрден астам және ұзындығы 40 километрден астам газды, мұнайды немесе химиялық заттарды тасымалдауға арналған құбыр жолдары.

18. Үй құстарын немесе шошқаларды қарқынды түрде бордақылайтын:

1) 85 000-нан астам бройлері, 60 000-нан астам тауығы;

2) 3000-нан астам торайы (30 килограмм-нан асатын) немесе 900-ден астам шошқасы бар кәсіпорындар.

19. Өндірістік кәсіпорындар:

1) ағаштан және басқа да оған ұқсас талшықты материалдардан целлюлоза өндіретін;

2) өндірістік қуаттылығы тәулігіне 200 тоннадан астам қағаз және картон өндіретін.

20. Карьерлер және 25 гектардан асатын учаске алаңы маңында ашық тәсілмен өндіру немесе 150 гектардан асатын учаске ауданы маңында шымтезек өндіру.

21. Кернеуі 220 килоВатт немесе одан көбірек және ұзындығы 15 километрден асатын электр берілісінің әуе желілерін салу.

22. Мұнай, мұнай-химиялық немесе химиялық өнімдерді сақтауға арналған, сыйымдылығы 200 мың тонна және одан көбірек кәсіпорындар.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау
жөніндегі нұсқаулыққа 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтіні жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Толық бағалау қажеттілігін мемлекеттік сараптық органдар алдын ала сараптау негізінде немесе нормативті құжаттармен айқындайтын (алып шығару) шектік деңгейлерді (терімнің өлшемдерін) қолдана отырып, объектілердің (қызмет түрлерінің) тізімі ұсыну (үзінді)

1. Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және су шаруашылығы:

1) ауыл шаруашылығы шүйгін жерлерін қайта құрылымдау жобалары;

2) қарқынды ауылшаруашылығы өндірісіне арналған тың жерлерді немесе әлсіз игерілген аудандарды пайдалану жобалары;

3) ауыл шаруашылығына арналған су қорларын басқару жобалары, соның ішінде жерді суландыру мен құрғату жобалары;

4) бастапқы орман отырғызу және жер пайдаланудың басқа үлгісі үшін өзгерту мақсатында орманды отау;

5) қарқынды мал шаруашылығы жобалары (1-қосымшаға кірмеген);

6) қарқынды балық шаруашылығы;

2. Өндіруші өнеркәсіп:

1) карьерлер, пайдалы қазбаларды және шымтезекті ашық өндіру (1-қосымшаға кірмеген жобалар);

2) жер астында өндіру;

3) жер қыртысынан шығарып, теңіз немесе өзеннен пайдалы қазбаларды өндіру;

Терең бұрғылау, атап айтқанда:

геотермальды бұрғылау;

ядролық қалдықтарды сақтау үшін бұрғылау;

топырақтың төзімділігін зерттеуге арналған бұрғылауды қоспағанда, сумен жабдықтау үшін арналған бұрғылау;

4) тас көмір, мұнай, табиғи газ бен кендерді, сонымен қатар жанатын тақта тастарды өндіруге арналған жер бетіндегі өнеркәсіп құрылыстары.

3. Энергетика:

1) электр энергиясын, бу және ыстық су өндіруге арналған өнеркәсіп құрылыстары (1-қосымшаға кірмеген жобалар);

2) газ, бу және ыстық суды тасымалдауға арналған өнеркәсіп құрылыстары;

3) электр энергиясын әуе желілері арқылы беру (1-қосымшаға кірмеген жобалар);

4) табиғи газдың жер үсті қоймалары;

5) табиғи газдың жер асты қоймалары;

6) органикалық отынның жер үсті қоймалары;

7) тас көмір мен лигнинді өнеркәсіптік брикеттеу;

8) радиоактивтік қалдықтарды өңдеу мен сақтауға арналған құрылыстар (1-қосымшаға кірмеген жобалар);

9) гидроэлектртехникалық құрылыстар;

10) электр энергиясын (жел фермалары) өндіруге арналған жел энергиясын қолданатын құрылыстар.

4. Металдарды өндіру мен ұқсату:

1) толассыз құюды қоса алғанда шойын немесе болат өндіретін кәсіпорындар (алғашқы немесе екінші қайтара балқыту);

2) кара металдарды өңдейтін кәсіпорындар;
металдарды ыстық қақтау зауыттары;
механикалық балғалары бар темір соғатын цехтар;
балқытылған қорғаныс металл жабындарын жағу;

3) кара металлургияның құю зауыттары;

4) металл балқыту кәсіпорындары, түсті металдардың қорытпаларын қоса алғанда, бағалы металдарды қоспағанда, екінші қайтара шикізатты қоса алғанда (тазарту, әзірлемелер құю және тағы басқа);

5) электролиздік немесе химиялық үрдістер қолданатын, металдар мен пластиктердің бетін өңдеу кәсіпорындары;

6) автомобильдерді жасау мен құрастыру және автомобиль қозғалтқыштарын өндіру;

7) верфьтер;

8) ұшақ жасайтын және жөндейтін кәсіпорындар;

9) теміржол жабдықтарын жасау;

10) жару арқылы таңбалау;

11) металл кендерін күйдіру мен қабыстыруға арналған кәсіпорындар.

5. Минералды шикізатты ұқсату:

1) кокс ошақтары (көмірді құрғақ айыру);

2) цемент зауыттары;

3) таскендір өндіру және таскендір бұйымдарын дайындайтын кәсіпорындар (1-қосымшаға кірмеген жобалар);

4) шыны талшығын қоса алғанда шыны-әйнек жасайтын кәсіпорындар;

5) минералды талшықтарды өндіруді қоса алғанда минералды заттарды балқытатын кәсіпорындар;

6) күйдіру тәсілімен қыш бұйымдарын, сонымен қатар жамылтқы черепица, кірпіш, отқа төзімді кірпіш, тақталы төсемдер, қыш бұйымдары мен фарфор жасау.

6. Химия өнеркәсібі (1-қосымшаға кірмеген жобалар):

1) жартылай фабрикаттарды ұқсату және химиялық заттарды өндіру;

2) пестицидтер мен фармацевтикалық бұйымдар, лактар мен бояулар, эластомерлер мен асқын тотықтар өндіру;

3) мұнай, мұнай-химиялық және химиялық өнімдер қоймасы.

7. Тамақ өнеркәсібі:

1) өсімдік және мал майларын және тоңмайларын өндіру;

2) мал және өсімдік өнімдерін буып-түю және консервілеу;

3) сүт өнімдерін өндіру;

4) сыра қайнату және сыра ашытқысын жасау;

5) тәтті тағам бұйымдары және тосап өңдеу;

- 6) қасапханалар;
 - 7) крахмалды өнеркәсіптік жолмен өндіретін кәсіпорындар;
 - 8) балық ұнын және балық майын өндіретін кәсіпорындар;
 - 9) қант зауыттары.
8. Тоқыма, былғары, ағаш өңдеу және қағаз өнеркәсібі:
- 1) қағаз және картон жасайтын өнеркәсіп орындары (1-қосымшаға кірмеген жобалар);
 - 2) алдын ала өңдеу (ағарту, зермен бедерлеу операциялары) немесе талшықтарды және тоқыманы бояу фабрикалары;
 - 3) тері және былғары илеу кәсіпорны;
 - 4) целлюлоза өңдеу және өндіру кәсіпорындары.
9. Резеңке өнеркәсібі, бұйымдарды эластомерлер негізінде өндіру және өңдеу.
10. Инфрақұрылым жобалары:
- 1) өнеркәсіптік кәсіпорындарды кеңейту жобалары;
 - 2) сауда орталықтары мен көлік тұрақтарын қоса алғанда, қала құрылысының жобалары;
 - 3) темір жолдарды және вагон-кеме және аралас терминалдарды артық жүктеу құралдарын салу (1-қосымшаға кірмеген жобалар);
 - 4) аэродромдар құрылысын салу (1-қосымшаға кірмеген жобалар);
 - 5) балықшылар айлақтарын қоса алғанда, жолдар, порттар және порттық құрылыстар салу (1-қосымшаға кірмеген жобалар);
 - 6) ішкі су жолдарын салу (1-қосымшаға кірмеген жобалар), каналдарды тарту және су басуына қарсы күресу жұмыстары;
 - 7) суды ұстауға немесе ұзақ сақтауға арналған бөгеттер мен басқа да құрылыстар (1-қосымшаға кірмеген жобалар);
 - 8) трамвай және жер асты желілері, метрополитендер, аспалы желілер немесе тек қана немесе негізінен жолаушыларды тасымалдауға арналған басқа да соған ұқсас желілер;
 - 9) мұнай және газ құбырлары (1-қосымшаға кірмеген жобалар);
 - 10) ұзындығы үлкен су науалары;
 - 11) жағалаудағы эрозиямен күресу жұмыстары және осындай құрылыстарға қызмет көрсету және қайта салуды қоспағанда мысалы, бөгеттерді, молдарды, кемежайларды және басқа теңіз қорғау құрылыстарын салу жолымен жағалауды өзгертуге қабілетті теңіз жұмыстары;
 - 12) жер асты суларын алу және ызба суларды жасанды түрде тиеудің сұлбалары (1-қосымшаға кірмеген жобалар);
 - 13) өзен алаптары арасында су қорларын ауыстырып құю жұмыстары (1-қосымшаға кірмеген жобалар).
11. Басқа жобалар:

- 1) механикалық көлік құралдарына арналған жолдардың тұрақты жарыс және тәжірибелік учаскелері;
- 2) қалдықтарды көметін кәсіпорындар (1-қосымшаға кірмеген жобалар);
- 3) тазалайтын құрылыстар (1-қосымшаға кірмеген жобалар);
- 4) шлам орналастырылатын учаскелер;
- 5) көлік құралдарын тастайтын жерлерді қоса алғанда, темір сынықтарын тастайтын жерлер;
- 6) қозғалтқыштарға, турбиналарға немесе реакторларға арналған сынау стендтері;
- 7) жасанды минералды талшықтар шығаратын кәсіпорындар;
- 8) жарылғыш заттарды кәдеге асыратын немесе жоятын кәсіпорындар;
- 9) мал соятын орындар.

12. Туризм және бос уақыт:

- 1) шаңғы жолдары, көтергіштер, аспалы жолдар және олармен байланысты құрылыстар;
- 2) қайық станциялары;
- 3) қала сыртындағы саяжай кенттері және қонақ үй кешендері және олармен байланысты құрылыстар;
- 4) тұрақты кемпингілер және үй-фургондарының аялдама орындары;
- 5) тақырыптық саябақтар.

13. Осы қосымшадағы тізімге енгізілген, бекітілген, орындалған немесе орындалып жатқан, қоршаған ортаға айтарлықтай қолайсыз әсерлерге ие болуы мүмкін жобаларды кез келген түрде өзгерту немесе кеңейту.

14. 1-қосымшаға алынған негізінде жаңа әдістерді немесе бұйымдарды жасау мен сынауға арналған және екі жылдан асырылмай қолданылатын жобалар.

Қоршаған ортаға әсерді
бағалау жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша

Қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарын әзірлеу сатыларының Қазақстан Республикасында шаруашылық және өзге де қызметті негіздейтін жобалау алдындағы және жобалау құжаттаманы орындаудың сатыларына сәйкес келуі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қоршаған ортаға әсерін бағалау		Қала құрылысын жобалау сатылары
--------------------------------	--	---------------------------------

материалдарын әзірлеу сатылары	Жобалау сатылары	
1. Қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау - Алдын ала ҚОӘБ (бірінші саты)	Инвестициялар негіздемесі, техника-экономикалық негіздеме, техника-экономикалық негіздемелер, бизнес-жоспарлары және басқа жобалау алдындағы құжаттар, кен орындарды игеру және технологиялық сұлбалардың жобалары	Қала құрылысын жоспарлаудың, облыстардың аумақтарын дамытудың кешенді сұлбалары және қала құрылысын жоспарлаудың, әкімшілік аудандардың аумақтарын дамытудың кешенді жобалары. Қаланың бас жоспарының тұжырымдамалары (ұзақ мерзімді даму қызметі болжамдары).
2. Қоршаған ортаға әсерді бағалау - ҚОӘБ (екінші саты)	Жоба, Тәжірибелік-өндірістік өндіру жобалары, кен орындарын орналастыру жобалары, техникалық жобалар	Ірі қалалардың бас жоспарлары. Ірі өнеркәсіпті аймақтардың және өнеркәсіптік аудандардың жоспарлау жобалары.
3. "Қоршаған ортаны қорғау" тарауы - (үшінші саты)	Жұмыс жобасы (жұмыс құжаттамасы)	50 мыңнан кем тұрғыны бар қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің бас жоспарлары. Кішігірім өнеркәсіп аймақтарын және өнеркәсіп аудандарын жоспарлаудың жобалары.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі нұсқаулыққа 1-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтіні жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Экологиялық зардаптар туралы арыз

_____ (объектінің атауы)

Тапсырыскер _____

(толық және қысқарған атауы)

Деректемелері _____

(пошталық мекен-жайы, телефоны, телефаксі, телетайпы, есепшоты)

Қаржыландыру көздері _____

(мемлекеттік бюджет, жеке немесе шетелдік инвестициялар)

Объектінің тұрған жері _____

(облысы, ауданы, елді мекені немесе жақын

_____ арадағы елді мекеннен қашықтығы және бағыты)

Объектінің толық атауы,

қысқартылған белгісі,

ведомстволық бағыныстылығы,

немесе меншік

иесінің нұсқауы _____

Ұсынылған жобалық

материалдар

(құжаттаманың

толық атауы) _____

(инвестицияларды негіздеу, ТЭН, жоба, жұмыс жобасы,

елді жайлардың бас жоспары, егжей-тегжейлі тегістеу жобасы, және тағы басқа)

Бас жобалық ұйым _____

(жобаның бас инженерінің атауы, деректемелері, аты-жөні)

Сілтеме: Әсерді бағалаудың деңгейіне, объектіні орналастыру ауданына, өндірістік қызметтің (қала құрылысының) ерекшелігіне қарай көрсеткіштердің құрамы әсер етудің барлық салаларын бейнелеу кезінде өзгеруі мүмкін.

Объектінің сипаттамасы

Жерді бөліп берудің есептелетін ауданы _____

Санитарлық-қорғау аймағының радиусы мен ауданы (СҚА) _____

Өндірістік корпустардың саны мен қабаттылығы _____

Белгіленіп отырылған әлеуметтік-мәдени мақсаттағы ілеспелі

объектілердің салынуы _____

Негізгі шығарылатын өнімнің номенклатурасы және табиғи мәндегі

өндіру көлемі (толық қуаттылықтағы жобалық көрсеткіштер)

1) _____

2) _____

3) _____ және тағы басқа.

Негізгі технологиялық үрдістер

1) _____

2) _____ және тағы басқа.

Көзделіп отырған қызметтің әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін

негіздеу _____

Көзделіп отырған құрылыс мерзімдері (бірінші кезек, толық

қуаттылығы бойынша) _____

Шикізат түрлері және көлемдері:

1. Жергілікті

1) _____

2) _____

2. Басқа жақтан әкелген

1) _____

2) _____

Технологиялық және энергетикалық отын _____

Электр энергиясы _____

(алу көзінің көлемі және алдын ала келісу)

Жылу _____

(алу көзінің көлемі және алдын ала келісу)

Табиғатты пайдалану жағдайлары және көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға ықтимал әсері

Атмосфера

Атмосфераға шығарылуы мүмкін ластағыш заттардың тізімі және мөлшері:

Ауаға шығарылу жиынтығы, тонн/жылына _____

Қатты, тонн/жылына _____

Газ тәрізді, тонн/жылына _____

Шығарылыс құрамындағы негізгі ингредиенттердің тізімі

1) _____

2) _____ және тағы басқа.

Санитарлық қорғау аймағының шегіндегі зиянды заттардың шамаланған концентрациялары

1) _____

2) _____ және тағы басқа.

Физикалық әсердің көздері, олардың қарқындылығы және ықтимал әсер ету аймақтары:

Электр-магниттік сәулелену _____

Акустикалық _____

Вибрациялық _____

Су ортасы:

Таза су алу:

Бір жолғы, су айналымын жүйелерін толтыру үшін, текше м.

Тұрақты, текше метр/жылына _____

Сумен жабдықтау көздері:

Жер үсті, дана/(текше метр/жылына) _____

Жер асты, дана/(текше метр/жылына) _____

Науалар және су құбырлары _____

(ұзындығы, материал, диаметр, өткізу қабілеттілігі)

Ағылып құйылатын сарқынды сулардың мөлшері:

Табиғи су көздері мен су ағындары, текше метр/жылына _____

Жинақтағыш тоғандар, текше метр /жылына _____

Басқа канализациялық жүйелерге, текше метр/жылына _____

Сарқынды судағы негізгі ластағыш заттардың шоғырлануы (миллиграмм/литр) және көлемі (тонн/жылына) (ингредиенттер бойынша)

_____.

Су пайдаланылатын таяу жердегі ингредиенттер бойынша негізгі ластағыш заттардың шоғырлануы (су көздеріне немесе су ағындарына сарқынды судың ағылуы кезінде (миллиграмм/литр) _____.

Жер

Иеліктен алынатын жердің сипаттамасы:

Ауданы:

тұрақты пайдалануға, гектар _____

Уақытша пайдалануға, гектар _____

оның ішінде егіндік, гектар _____

Орман екпелері, гектар _____

Қайта қалпына келтіруді талап ететін бұзылған жер:

Оның ішінде карьерлер,

дана/ гектар _____

үйінділер,

дана/га _____

жинақтағыштар (тоған - тұндырғыштар, су, күл, қож үйінділері, соңғы бөліктердің қоймалары және тағы басқа.

дана/ гектар _____

Қалғандары,

дана/гектар _____

Жер қойнауы (кен рудасы кәсіпорындары мен аумақтары үшін)

Пайдалы қазбаларды өндірудің түрі мен тәсілі (текше м.)/жылына

Оның ішінде құрылыс материалдарын өндіру _____

Жер қойнауынан алынатын жыныстарды пайдаланудың кешенділігі мен тиімділігі (тонн/жылына)/% алу:

Негізгі шикізат

1) _____

2) _____

Ілеспелі құрамдас бөліктері

1) _____

2) _____

Бос жыныстардың және жер үстіне қоймаластырылатын байыту қалдықтарының көлемі:

жыл сайын, тонн (текше метр). _____

кәсіпорын қызметінің барлық мерзімінің қорытындысы бойынша, тонн (текше метр) _____.

Өсімдік

Жарым-жартылай немесе толық құртылған өсімдік тұрпаттары, гектар

(дала, шабындық, бұталық, ағаш екпелері және тағы басқа)

Оның ішінде:

Ормандардағы ағаш отау аудандары, гектар _____.

Алынған ағаш көлемі, текше метр. _____

Өсімдіктің, оның ішінде а/ш дақылдарының улы заттармен ластануы
(есептелетін) _____

Жануарлар

Жануарлар әлеміне, оның ішінде су жануарларына тікелей әсер ету көздері:

1) _____

2) _____ және тағы басқа.

Қорғалатын табиғи аумақтарға (қорықтарға, ұлттық бақтарға,
қорғалымдарға) әсері _____

Өндіріс қалдықтары

Кәдеге жаратылмайтын қалдықтардың көлемі, тонн/жылына _____

Оның ішінде улы заттардікі, тонн/жылына _____

Қалдықтарды бейтараптандыру мен көмудің ұсынылып отырған тәсілдері
Радиоактивтік көздер болуы, олардың ықтимал әсерін бағалау

Апаттық жағдайлардың ықтималдығы

Әлеуетті қауіпті технологиялық желілер мен объектілер: _____

Апаттық жағдайлардың пайда болу ықтималдығы

Ықтимал әсердің радиусі _____

Қоршаған ортада объектінің әсерінен туындаған өзгерістерді, сонымен қатар
оның тұрғындардың өмірі мен денсаулығына әсерін кешенді түрде бағалау _____

Объекті қызметінің нәтижесінде әлеуметтік-қоғамдық саладағы қоршаған
ортаның ахуалына ықтимал зардаптарын болжау

Тапсырыскердің (шаруашылық қызметіне бастама көтеруші) объектіні салу,
пайдалану және жою барысында тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдайлар
жасау бойынша міндеттемелері.

Қосымша*

Жобалық құжаттаманы әзірлеуге және ҚОӘБ өткізуге қатысатын
ұйымдардың және орындаушылардың тізімі.

Мүдделі ұйымдардың және ведомстволардың, қадағалау органдарының
қорытындылары.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдары.

* Экологиялық зардаптар туралы арызды жобалық құжаттаманы бекітетін органдарға табыстау кезінде мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы қоса беріледі.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау
жөніндегі нұсқаулыққа 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтіні жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.06.2016 № 253 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын алу үшін көзделіп отырған қызметтің жұмыс жобасына экологиялық зардаптар туралы арызының толтырылған формасы жеткілікті қоршаған ортаға әсері шамалы объектілердің тізбесі

1. автокөлік саны елуден аспайтын ашық түрдегі автотұрақтар және сыйымдылығы екі автокөліктен аспайтын боксы бар гараждар;

2. жекелеген жылу, су жабдығы, төгінді суларды тазалайтын құрылыстар және ТБО полигондары жоқ, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан, мемлекеттік орманшылық қорынан, суды қорғау аймақтарынан, жасыл желек екпе ағаштарды бұзуымен байланысты емес рекреациялық аймақтардан тыс орналасқан жеке тұрғын үй, қоғамдық және өзге де өндірістік емес объектілердің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы;

3. санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының қорытындысына сәйкес санитарлық-қорғау аймақтарды құруды талап етпейтін жекелеген жылу, су жабдығы, төгінді суларды тазалайтын құрылыстар және ТБО полигондары жоқ, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан, мемлекеттік орманшылық қорынан, суды қорғау аймақтарынан, жасыл желек екпе ағаштарды бұзуымен байланысты емес рекреациялық аймақтардан тыс орналасқан өндірістік объектілердің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы;

Осы тізбеге тұрғылықты ықшамаудандардың, қала және өзге де мекенді жерлердің қала құрылысы құжаттамасы және аумақтарды көгалдандыру жобалары кірмеді.